

## Хаттама №2

№8 «Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасында 2022 жылдың 31 қазан қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті.

### Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай-бақша қаражатынан тыс балаларға арналған ойыншықтармен қамтамасыз етуге, кітап бұрышын жасақтауға демеушілікке шағын кәсіпкерлерді тарту

### Тыңдалды:

3. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Задаева сөз алды.

Қамқоршылық кеңестің басты міндеттерінің бірі балабақша дамуының бюджеттен тыс қорын қалыптастыру. Оның қаражатын ашық және ұтымды бөлу. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты – мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау.

Өздеріңізге белгілі 2022жылдың 29 қазан күні бөбекжай-бақшамыздың 60 жылдық мерейтойы аталып өтілді. Мерейтойға шақырылған қонақтар арасынан демеушілік ретінде ұстаздығы мен ұлағаты үйлескен балабақша меңгерушілері Тебенова Рабиға апайымыздың ұрпақтары бөбекжай-бақшамызға 3 топқа арналған Мольберт тақтасын және Серкешбаева Несібелі апайымыздың ұрпақтары музыкалық дауыс күшейткіш сыйға тартқан болатын. Бөбекжай-бақшамыздағы балаларға сыйға тарқан сыйлықтарын қабыл аламыз және үлкен алғысымызды білдеріміз.

**Шығып сөйлеуші қамқоршылық кеңес мүшесі және жалпы ата-аналар комитетінің төрайымы: Ж.Ақшалова**

Біріншіден барлық №8 «Қызғалдақ» бөбекжай-бақша қызметкерлерін атаулы мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын. Бөбекжай-бақша гүлденіп, балаларымыз осы балабақшада жарқырап жүре берсін. Бүгінгі бөбекжай-бақша қаражатынан тыс балаларға арналып әкелінген заттар балалардың игілігіне пайдаланып, алдағы уақытта материалдық базаларыңыз тола берсін.

### Шешім:

1. Мерейтойға демеушілік ретінде әкелінген 3 дана мольберт тақтасымен музыкалық дауыс күшейткіш бөбекжай-бақша есебіне алынсын.

Бөбекжай- бақша меңгерушісі:

А.Задаева

Хатшы:

А.Мұратова

